

Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 19 шілдедегі № 483 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 қыркүйекте № 15633 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-23) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Азаматтық әуе кемесі данасын сертификаттау және оның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігіне куәлік беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 193 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11723 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 1 қыркүйекте жарияланған);

2) "Аса жеңіл авиация саласында сертификаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 194 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11721 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 1 қыркүйекте жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар мен даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық

бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
Д. Абаев _____

2017 жылғы 27 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Т. Сүлейменов _____

2017 жылғы 28 шілде

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 19 шілдедегі
№ 483 бұйрығымен
бекітілген

Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.07.2019 № 598 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – заң) 14-бабы 1-тармағының 41-23) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының (бұдан әрі-Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

2) өтініш беруші – жеңіл авиациядағы ұшуға жарамдылығы сертификатын, аса жеңіл авиациядағы ұшуға жарамдылығы сертификатын, экспорттық ұшуға жарамдылығы сертификатын алу, әуе кемесі данасының куәландыру үшін уәкілетті ұйымға өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;

3) әуе кемесінің, қозғалтқыштардың және негізгі агрегаттарының формуляры – авиациялық техниканың атқарымын (күнтізбелік ресурсы, сағаттық ресурсы, қонулар бойынша ресурсы) және оның техникалық жай-күйін есепке алуға арналған негізгі құжаттар;

4) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификаты – уәкілетті ұйым берген, азаматтық әуе кемесінің ұшу жарамдылығының нормаларына сәйкестігін куәландыратын құжат;

5) үлгі сертификаты – азаматтық әуе кемесінің үлгісі конструкциясының ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестігін растайтын құжат;

6) азаматтық әуе кемесі данасын пайдалану құжаттамасы – нақты әуе кемелерді және оның компоненттерін техникалық қызмет көрсетуі және жөндеуді сонымен бірге пайдалану жағдайы және пайдалану шегін қоса алғанда, азаматтық әуе кемесі данасын ұшу және техникалық пайдалану регламенттеу құжаттар топтамасы;

7) конструкциясының, сипаттамаларының және пайдалану-техникалық құжаттамасының ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестігіне куәлік – азаматтық әуе кемесінің данасы конструкциясының сипаттамалары мен пайдалану-техникалық құжаттамасының ҰЖНна сәйкестігін куәландыратын, уәкілетті ұйым берген құжат;

8) пайдаланушы – азаматтық әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өз қызметтерін ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;

9) ұшуға жарамдылық нормалары – ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған әуе кемелерінің конструкциясына, параметрлері мен ұшу сапаларына және олардың құрауыштарына қойылатын талаптар (бұдан әрі - ҰЖН).

3. Қолданыстағы жеңіл және аса жеңіл әуе кемелерінің сертификатынсыз әуе кемесін пайдалануға жол берілмейді.

4. Бекітілген үлгі конструкциясы жоқ азаматтық әуе кемесінің әрбір данасы сертификатталуға және оның конструкциясының, сипаттамаларының және пайдалану-техникалық құжаттамасының ҰЖН-на сәйкестігіне уәкілетті ұйым берген куәлігі болуға тиіс.

Конструкциясының, сипаттамаларының және пайдалану-техникалық құжаттамасының ҰЖН-на сәйкестігіне куәлік берілген әуе кемесі коммерциялық әуе тасымалдарын жүзеге асыруға жіберілмейді.

5. Жалпы мақсаттағы авиация мақсатында авиациялық жұмыстар мен ұшуларды орындайтын жеңіл және аса жеңіл әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын, азаматтық әуе кемесінің куәлігінің данасын сертификаттауды әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тарта отырып, уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

2-Тарау. Қазақстан Республикасы жеңіл әуе кемесінің сертификаттау тәртібі

6. Сертификаттау рәсімінен өту үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді:

Өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

1) осы Қағиданың 2-қосымшасының нысанына сәйкес әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және оның ұшуға жарамдылығын айқындау актісінің электрондық көшірмесін;

2) егер әуе кемесі жалға алынатын болса, жалға беру шарты мен қабылдау-тапсыру актісінің электрондық көшірмелері;

3) осы Қағиданың 3-қосымшасының нысанына сәйкес әуе кемелерінің эксплуатанттарын біріктіретін коммерциялық емес ұйыммен берілген азаматтық әуе кемесін пайдалануға жарамдылық туралы бағалау актісінің электрондық көшірмесін;

4) қолданылатын түрлендірулерді көрсете отырып, үлгі сертификатының немесе барабар құжаттың электрондық көшірмесі;

5) бекітілген техникалық қызмет көрсету бағдарламасының (регламенті) (алғашқы беру кезінде) электрондық көшірмесін;

6) ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқауға сәйкес негізгі орналасқан жеріне дейін ұшуға рұқсат етілген ең төменгі жабдықтың негізгі тізбесі немесе ақаулар мен істен

шыққан жерлердің тізбесі болған жағдайда, пайдаланушы жасаған ең төменгі жабдықтың бекітілген тізбесінің (алғашқы беру кезінде) электрондық көшірмесін.

Құжаттардың барлық электрондық көшірмелері арқылы өтініш берушінің немесе ол уәкілетті ұйым берген тұлғаның қолымен және мөрімен (бар болған жағдайда) куәландырылады және уәкілетті ұйым тексеруінен кейін тартылған коммерциялық емес ұйымдарына беріледі.

7. Жеңіл әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын анықтау үшін тартылған коммерциялық емес ұйымдар уәкілетті ұйымымен келісу бойынша әуе кемелерін тексеру жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін техникалық комиссия құрады.

Техникалық комиссияның құрамына көрсетілген Қағидаларға 4-қосымшада көзделген мамандарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес болуы керек мамандар енгізіледі.

Пайдалану құжаттамасын сараптау және әуе кемесінің ҰЖН-на сәйкестігін бағалау мемлекеттік авиация инспекторлары үшін уәкілетті ұйым әзірлеген нұсқаулық материалды пайдалана отырып жүзеге асырылады (осы Қағиданың 5-қосымшасының нысанына сәйкес уәкілетті ұйым бекітетін әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын бағалаудың үлгілік бағдарламасы).

8. Өтінім беруші әуе кемелерінің пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымның техникалық комиссиясының мүшелеріне әуе кемесі мен пайдалану құжаттамасына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

9. Әуе кемелерінің эксплуатанттарын біріктіретін коммерциялық емес ұйыммен берілген әуе кемесін пайдалануға жарамдылық туралы бағалау актісі он екі ай ішінде жарамды.

10. Уәкілетті ұйым әуе кемелерінің пайдаланушыларын біріктіретін коммерциялық емес ұйымның техникалық комиссиясымен берілген әуе кемесін пайдалануға жарамдылық туралы бағалау актісінің оң қорытындысы және ұсынылған құжаттар негізінде өтінім берушіге осы Қағиданың 6-қосымшасының нысанына сәйкес жеңіл әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын береді.

11. Осы Қағидалардың 6-тармақтарына сәйкес құжаттар толық көлемде ұсынылмаған немесе олар меншік иесі немесе пайдаланушы әзірлеген әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету бағдарламаларының (бұдан әрі – ТҚБ) талаптарына сәйкес келмеген және уәкілетті ұйымының бекітпеен ТҚБ ұсынылған жағдайда. Бұл ретте бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге бас тарту себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

Ұшу жарамдылығы сертификатын беру уәкілетті ұйымға өтінім берілген күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

12. Жалпы мақсаттағы авиация үшін авиациялық жұмыстар мен ұшуларды орындайтын жеңіл әуе кемесінің мерзімсіз негізде берілген ұшуға жарамдылық

сертификаты осы Қағиданың 6-қосымшасының нысанына сәйкес коммерциялық емес ұйыммен берілетін әуе кемесін пайдалануға жарамдылық туралы бағалау актісі бар болған жағдайда жарамды.

13. Жеңіл әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын қайта бағалауды алдыңғы бағалау өткен мезеттен он екі айдан кешіктірмей коммерциялық емес ұйым жүргізеді, пайдаланушы әуе кемелерінің пайдаланушыларын біріктіретін коммерциялық емес ұйымға өтінімді, осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген құжаттарды береді.

14. Уәкілетті ұйым Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 367 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12038 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкес келмеген жағдайларда ұшуға жарамдылық сертификатының (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормалары) қолданылуын тоқтатады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысын тоқтатқан жағдайда уәкілетті ұйым ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысын тоқтатудың себебін көрсетеді.

Әуе кемесінің ҰЖН-на сәйкес келмеуі анықталған жағдайда тоқтатылған күннен алты ай ішінде ұшуға жарамдылық сертификаты кері шақыртылады.

16. Ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысы тоқтатылған жағдайда оның жаңартылуы пайдаланушы анықталған сәйкессіздіктерді жойғаннан кейін уәкілетті ұйымымен жүзеге асырылады.

17. Ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысы тоқтатылған немесе кері шақыртылған жағдайда уәкілетті ұйым эксплуатантқа және аэронавигациялық ақпарат қызметіне қабылданған шешім туралы дереу хабарлайды.

18. Ұшуға жарамдылық сертификаты кері шақыртылған жағдайда эксплуатант үш жұмыс күнінен кешіктірмей ұшуға жарамдылық сертификатының түпнұсқасын уәкілетті ұйымға қайтарады.

3-Тарау. Аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау тәртібі

19. Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын алу үшін өтініш беруші (пайдаланушы) уәкілетті ұйымға www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі-портал) арқылы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді және "Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес жібереді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19-1. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі "Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген.

Ескерту. 19-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

19-2. Портал арқылы жүгінген жағдайда өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Ескерту. 19-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19-3. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 19-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19-4. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушының сертификаты туралы, азаматтық әуе кемесінің үлгі сертификаты туралы, авиациялық жұмыстарды орындауға құқық беру куәлік туралы ұшуларды орындау құқығына арналған куәлік туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Ескерту. 19-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19-5. Өтінімді қарау мерзімі және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

Ұсынылған құжаттарды қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған жағдайда қарау мерзімі 10 (он) жұмыс күніне дейін ұзартылады, бұл туралы қарау мерзімі

ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" хабарлама жіберіледі.

Алдыңғы қағаз нысанда берілген аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын электрондық форматқа ауыстыру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 19-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19-6. Өтініш беруші "Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда уәкілетті ұйым өтінімді қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші "Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, уәкілетті ұйым Заң талаптарына және ИКАО авиациялық стандарттарына сәйкестігін тексергеннен кейін құжаттарды тартылған коммерциялық емес ұйымдарға береді.

Ескерту. 19-6-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

20. Аса жеңіл әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын анықтау үшін тартылған коммерциялық емес ұйымдар уәкілетті ұйымымен келісу бойынша әуе кемелерін тексеру жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін техникалық комиссия құрады.

Техникалық комиссияның құрамына көрсетілген Қағидаларға 4-қосымшада көзделген мамандарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандар кіреді.

21. Пайдалану-техникалық бағалау құжаттамасын сараптау және азаматтық әуе кемелерінің ҰЖН-а сәйкестігі жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін уәкілетті ұйым өтінімнің электрондық көшірмесін өтінім тіркелген сәттен үш жұмыс күннің ішінде техникалық комиссияға береді. Өтініш беруші пайдалану құжаттамасына және аса жеңіл авиацияның әуе кемесіне техникалық комиссия мүшелерінің кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Техникалық комиссия он жұмыс күн ішінде пайдалану құжаттамасын сараптау және аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ҰЖН-а сәйкестігін бағалау жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

22. Пайдалану құжаттамасын сараптау және аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін бағалау жөнінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша техникалық комиссия осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш данада аса жеңіл авиацияның әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы акт (бұдан әрі – бағалау актісі) жасайды.

Актінің бір данасы уәкілетті ұйым өтінімнің көшірмесі алынған күннен бастап он жұмыс күн ішінде уәкілетті ұйымға жіберіледі, екінші данасы өтініш берушіге (пайдаланушыға) беріледі, үшінші данасы әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымда қалады.

23. Уәкілетті ұйым техникалық комиссия берген оң Бағалау актісінің негізінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын, не теріс Бағалау актісі болған жағдайда, "Аса жеңіл авиация әуе кемесін ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Уәкілетті ұйым актінің оң қорытындысы мен ұсынылған құжаттар негізінде өтініш берушіге осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын береді.

25. Аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беруден бас тартылған болса, қайтадан берілген өтінімді уәкілетті ұйым оны беруден бас тартудың себептері жойылған жағдайда қарастырады.

26. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Ұшуға жарамдылық сертификаты мерзімсіз беріледі және әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісі растау болып табылады.

28. Аса жеңіл авиацияның әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкессіздіктері анықталған жағдайда, ұшуға жарамдылық сертификатының қолданылуы тоқтатыла тұрады, аса жеңіл авиацияның әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкессіздіктері жойылғанға дейін уәкілетті ұйым аса жеңіл авиацияның әуе кемесін пайдаланылмайды, уәкілетті ұйым сәйкессіздік анықталған кезден бастап бұл туралы дереу пайдаланушыға және әуе қозғалысын басқару органына ұшуға жарамдылық сертификатының тоқтатыла тұруы туралы хабарлайды.

Тоқтата тұрған күннен бастап алты ай ішінде әуе кемесінің ҰЖН сәйкессіздігі жойылмаған жағдайда, ұшуға жарамдылық сертификаты қайтарып алынады. Сертификатты қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік екі күн ішінде уәкілетті ұйым пайдаланушыны хабардар етеді.

Аса жеңіл авиацияның әуе кемесін пайдаланушы өзі хабардар болған кезден бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде аса жеңіл авиацияның әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын уәкілетті ұйымға қайтарады.

28-1. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметтер көрсету сатысы туралы деректерді енгізу Қағидаларына сәйкес қамтамасыз етеді (бұдан әрі – деректерді АЖ-ға енгізу Қағидасы).

Ескерту. 28-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігіне арналған куәлікті алу үшін өтініш беруші (пайдаланушы) уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесінің данасын сертификаттауға өтінімді және осы Қағидаларға 9-1-қосымшаға сәйкес "Азаматтық әуе кемесі данасының сәйкестік куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін

қызмет тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жолдайды.

Жалпы техникалық талаптар ең ауыр ұшып көтерілу салмағы 2250 кг аспайтын жеңіл және аса жеңіл авиацияның куәлігіне (ұшақтар мен тікұшақтар, моторлы планерлер, автожирлер, аэростаттық әуе кемелері) қолданылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-1. Мемлекеттік қызмет көрсету талаптарының тізбесі "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігі туралы куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген.

Ескерту. Қағидалар 29-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Өтініш беруші "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігі туралы куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда уәкілетті ұйым өтінімді қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігі туралы куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, уәкілетті ұйым құжаттардың Заңның талаптарына және ИКАО авиациялық стандарттарына сәйкестігін тексергеннен кейін тартылған коммерциялық емес ұйымдарға береді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-Тарау. Азаматтық әуе кемесі данасының сертификаттау тәртібі

29. Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігіне арналған куәлікті алу үшін өтініш беруші (пайдаланушы) уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесінің данасын сертификаттауға өтінімді және осы Қағидаларға 9-1-қосымшаға сәйкес " азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестік куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі – сәйкестік куәлігін беру жөніндегі Стандарт) көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жолдайды.

Жалпы техникалық талаптар жеңіл және аса жеңіл авиацияның ең ауыр ұшып көтерілу салмағы 2250 кг аспайтын АӘҚД (ұшақтар мен тікұшақтар, моторлы планерлер, автожирлер, аэростаттық әуе кемелері) қолданылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-1. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі сәйкестік куәлігін беру жөніндегі Стандартта келтірілген.

Ескерту. 29-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-2. Портал арқылы жүгінген жағдайда өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Ескерту. 29-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-3. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-4. Өтінімді қарау мерзімі және азаматтық әуе кемесі данасының ҰЖН-ға сәйкестігі куәлігін беру 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

Ұсынылған құжаттарды қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болған жағдайда қарау мерзімі 10 (он) жұмыс күніне дейін ұзартылады, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 29-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-5. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушының сертификаты, азаматтық әуе кемесінің үлгі сертификаты туралы,

авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, ұшуды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтер, азаматтық әуе кемесі данасының ҰЖН-ға сәйкестігін куәландыру үшін алымның бюджетке төленгенін растауды уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 29-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Өтініш беруші осы Стандартта көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда уәкілетті ұйым өтінімді қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші сәйкестік куәлігін беру жөніндегі Стандартта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, уәкілетті ұйым құжаттардың Заңның талаптарына және ИКАО авиациялық стандарттарына сәйкестігін тексергеннен кейін тартылған коммерциялық емес ұйымдарға береді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Аса жеңіл әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын анықтау үшін тартылған коммерциялық емес ұйымдар уәкілетті ұйымымен келісу бойынша әуе кемелерін тексеру жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін техникалық комиссия құрады.

Техникалық комиссияның құрамына көрсетілген Қағидаларға 4-қосымшада көзделген мамандарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандар кіреді.

32. Сараптамалық ұйым уәкілетті ұйым әзірлеген нұсқаулық материалды пайдалана отырып, әуе кемесі техникалық жағдайын, аэродинамикалық және беріктік сипаттамаларын, конструкциясын, оның жасалу сапасын (күрделі жөнделуін) бағалайды.

Сертификаттық тексеру аяқталғаннан кейін сараптамалық ұйым осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесі данасының техникалық жай-күйін бағалау және ұшуға жарамдылығын анықтау актісін ресімдеп, қоса береді:

- 1) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сәйкестік деректер картасы;
- 2) Азаматтық әуе кемесі данасының ұшу-техникалық тексеру актісі;
- 3) Азаматтық әуе кемесі данасының техникалық қызмет көрсету бағдарламасы (регламенті).

Ескертпе: Азаматтық әуе кемесі данасының ұшу-техникалық тексеру актісі және азаматтық әуе кемесі данасының ұшу сараптамасының хаттамасы екі данада жасалады, оның біреуі өтініш берушіге (пайдаланушыға) беріледі.

33. Азаматтық әуе кемесі данасының техникалық жай-күйін бағалау және ұшуға жарамдылығын айқындау актісінің оң қорытындысы негізінде уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін ресімдейді немесе азаматтық әуе кемесі данасының техникалық жай-күйін бағалау және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі теріс болған жағдайда "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігі куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама ҚР ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Сертификаттық тексеру кезінде сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, өтініш беруші уәкілетті ұйымның бекітуі үшін ескертулерді жою күні мен жауапты тұлғаларды көрсете отырып, түзету іс-қимылдарының жоспарын жасайды.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым түзету іс-қимылдарының жоспарын бекіткен сәттен бастап сертификаттау мерзімінің өтуі анықталған сәйкессіздіктер жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Азаматтық әуе кемесі данасының конструкциясына, оның құрауыштарына немесе пайдалану құжаттамасына өзгерістерді жүзеге асырған азаматтық әуе кемесі данасының сәйкестік куәлігінің ұстаушысы бір ай мерзімнің ішінде уәкілетті ұйымды осы өзгерістер туралы хабардар етеді және азаматтық әуе кемесі данасының қайта сертификаттауға ұсынады.

36. Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру үшін "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласында төлемдер алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 24 наурыздағы № 177 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 32120 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен ақы алынады.

Төлемақы мөлшері "Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы көрсетілетін қызметтерінің тізбесін және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 167 бұйрығымен айқындалады (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 32089 болып тіркелген).

Азаматтық әуе кемесінің данасын сертификаттау азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бюджетіне төлем түскеннен кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 17.01.2024 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Азаматтық әуе кемесі данасының сәйкестік куәлігінің қолданылуы алты айдың ішінде мына жағдайларда тоқтатылады және тоқтатыла тұрады:

1) егер уәкілетті ұйым сертификаттаған азаматтық әуе кемесі данасының немесе оның пайдалану құжаттамасына уәкілетті ұйымымен келісілмеген, осы Қағидаларда көзделген рәсімдер бұзыла отырып, өзгеріс немесе толықтыру енгізілсе;

2) жоғалған немесе бүлінген жағдайда;

3) осы азаматтық әуе кемесі данасының пайдалану үдерісінде оның ұшу жарамдылығын бұзуға және ұшудың қауіпсіздігіне қатер төндіруге байланысты кемшіліктер анықталса;

4) ұшу жарамдылығын бұзуға әуе кемесі әкелген авиациялық оқиға болған немесе азаматтық әуе кемесі данасының зақымдалған жағдайда.

Бұл ретте, уәкілетті ұйым азаматтық әуе кемесі данасының сәйкестік куәлігінің қолданылуы тоқтатылса және тоқтатылғандығы туралы пайдаланушыға осы куәліктің қолданылуының тоқтатыла тұруына және тоқтатылуына әуе кемесі әкелген себептер анықталған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Жоғарыда көрсетілген барлық жағдайда азаматтық әуе кемесі данасының сәйкестік куәлігінің ұстаушысы хабарлауы немесе тоқтатыла тұрған жағдайда азаматтық әуе кемесі данасының сертификатын уәкілетті ұйымға бес жұмыс күні ішінде қайтаруы тиіс.

38. Азаматтық әуе кемесі данасының сертификатының қолданылуын қалпына келтіру өтініш беруші дәлелдеме құжаттамасымен бірге ұсынған оның қолданысын

тоқтата тұруға әуе кемесі әкелген себептердің жойылғаны туралы құжаттарға уәкілетті ұйым келісім берген күннен бастап жүргізіледі.

39. Азаматтық әуе кемесі данасының сертификаты қолданысының тоқтатыла тұруына негіз болған себептер жойылмаған жағдайда уәкілетті ұйым тиісті өтінімді алғаннан бастап он жұмыс күні ішінде АӘКД сертификатының қолданысын жаңартудан бас тартады. Бұл ретте, өтініш берушіге жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

39-1. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді деректерді АЖ-ға енгізу Қағидасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Ескерту. 39-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. "Аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" және "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігіне куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша уәкілетті ұйымның және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 5-тараумен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 15.04.2020 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Уәкілетті ұйымның әкімшілік актіні әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Өтініш берушінің шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

уәкілетті ұйымның – оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауына жатады.

Шағым уәкілетті ұйымға және (немесе) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға беріледі.

Уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылданса, уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы жазбаша түрде (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық нысанда берілген кезде) хабарлайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге ҚР ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.04.2022 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жеңіл және аса жеңіл авиация
саласындағы сертификаттау
Қағидаларына
I-қосымша
Нысан

Өтініш

1. Мемлекеттік тізілімге ____ ж. " ____ " _____ № ____ болып енгізілген әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттаудан өткізуді және сертификат беруді сұраймын.

Үлгісі _____

Әуе кемесінің мақсаты _____

Әуе кемесінің сериялық (зауыттық) нөмірі _____

Әуе кемесінің жасалған күні _____

Дайындаушының атауы _____

Дайындаушы мемлекет _____

Үлгі сертификаты (немесе балама құжат): ___ № ___ берілген күні _____

2. Өтініш беруші туралы мәліметтер:

Мекенжайы _____

Телефон: _____ Факс: _____

Электрондық поштаның мекен жайы (бар болса) _____

Егер ӘК пайдаланушы – жеке тұлға болса:

Тегі, аты, әкесінің аты _____

Егер ӘК пайдаланушы – заңды тұлға болса:

Заңды тұлғаның толық атауы _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты _____

Өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, телефоны _____

3. ӘК данасының орналасқан жері _____

4. ӘК данасын жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді жүргізген техникалық қызмет көрсету мен жөндеу ұйымының атауы, мекен жайы

5. Әуе кемесінің ұшуы _____

пайдалану басталғаннан бастап: _____ сағат _____ қонуы _____ жыл

- соңғы жөндеуден кейін: _____ сағат _____ қонуы _____ жыл

6. Жөндеуге дейін ресурстың қалдығы: ___ сағат ___ соңғы ___ жыл

7. Салмағы, кг _____. Орталықтау, % САХ _____

8. RVSM бойынша әуе кемесінің ұшуға жіберу туралы ақпарат: _____

9. Әуе кемесі ИКАО _____ санаты бойынша ұшуға рұқсат берілген.

10. Әуе кемесінде орнатылған радиотарату аппаратурасы бойынша деректері.

11. Әуе кемесінің ұйымдастырылған тректер жүйесіндегі (OTS) рұқсаты бойынша деректер.

Ескертпе:

- International Civil Aviation Organization (ICAO) – Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО);

- Mean Aerodynamic Chord (MAC) – орта аэродинамикалық хорда (САХ);

- Organization treks systems (OTS) – ұйымдасқан трекерлер жүйесі;

- Reduced vertical separation minima (RVSM) – эшелонды вертикалді қысқартылған минимумы;

- Кг.- килограмм;

- ӘК- әуе кемесі;

Қағидаларына
2-қосымша
Нысан
"Бекітемін"
Пайдаланушының бірінші
басшысы

(қолы, Тегі, Аты, Әкесінің
аты (болған жағдайда)
20__ ж. " __ " ____

Әуе кемесінің техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі

Мынадай құрамдағы комиссия:

Төраға _____
(лауазымы, Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда))

Комиссия мүшелері _____
(лауазымы, Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда))

200__ ж. " __ " _____

(әуе кемесінің үлгісі және мақсаты)

